

6 НАУРЫЗ
МАРТА
18:00 | 20:30

МӘДЕНИЕТ ҮЙІ / ДК

ҚОСШЫ

АЛДАРАСПАН

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

8 707 603 0098

Көрерменнің көңілінен шығып, ел ықыласына бөленген Алдараспан театры – Қосшы қаласында!

Сахнада – шынайы өмірден алынған күлкілі көріністер, өткір әзіл, тапқыр қалжың және көтеріңкі көңіл күйі! Құнделікті тіршіліктегі қызықтар мен қоғамдағы өзекті мәселелерді астарлы әзілімен жеткізетін талантты актерлер сіздерге керемет кеш сыйлайды.

Жақындарыңызбен, достарыңызбен бірге келіп, көңілді кештің куәсі болыңыздар!

Өтетін орны: Қосшы қаласы, Республика көшесі, 11.
Күні: 6 наурыз.
Басталу уақыты: 18:00 және 20:00.
Байланыс телефоны: 8 707 603 00 98.
Билеттер саны шектеулі! Кешікпей, алдын ала алып қойыңыздар!

17 НАУРЫЗ
МАРТА
18:00

МӘДЕНИЕТ ҮЙІ / ДК

ҚОСШЫ

Мәқпал ЖҮНІСОВА

8 707 603 0098

17 наурызда Қосшы қаласының Мәдениет үйінде әнші Мақпал Жүнісованың мерекелік ән кеші болады.

Концерт сағат 18.00-де басталады. Мақпал Жүнісова дауыс диапазоны 4,5 октаваны қамтитын драмалық сопрано иесі. Ол өзінің шығармашылығы арқылы қазақ халық музыкасын кеңінен насихаттауға зор үлес қосты.

Оның орындау мәнері ұлттық әуенді терең сезіммен, заманауи тыныспен жеткізіумен ерекшеленеді.

Концерттік бағдарламада көрермендердің ыстық ықыласына бөленген танымал әндер орындалады. Олардың қатарында: «Екі жұлдыз», «Достар, достар», «Бақытты болындар», «Биле, биле», «Тюльпандар» бар.

Қосшы халқы мен қонақтарын әнші Мақпал Жүнісованың концертіне шақырамыз! Келіңіздер, кешті бірге тамашалайық!

№6 (196)

14 АҚПАН
СЕНБІ
2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Жаңа Bastau

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Конституциялық соттың сайтына еліміздің жаңа Конституциясының қорытынды жобасы жарияланды.

Еске сала кетсек, 11 ақпанда президент Қасым-Жомарт Тоқаев 15 наурызда республикалық референдум өтетіні туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Бюллетеньде «2026 жылдың 12 ақпанында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген бір ғана сұрақ болады. Осылайша, жаңа Ата заң қабылданған жағдайда Парламент өз өкілеттігін 1 шілдеден бастап тоқтатады.

«Конституция күшіне енген күннен бастап, бір ай ішінде президент Құрылтай сайлауын жариялауға тиіс және ол екі ай ішінде өткізіледі», - делінген құжатта.

Бірінші шақырылған бір палаталы Парламент – Құрылтайдың бірінші сессиясы ашылған күннен бастап, екі ай ішінде президент Құрылтайдың келісімімен вице-президентті тағайындайды.

Жалпы, биыл қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында мемлекет басшысы



бастапқыда түзетулер Ата заңның шамамен 40 бабына қатысты болады деп жоспарланғанын атап өтті. Алайда қоғамдық талқылаулар кезінде өзгерістер ауқымының әлдеқайда кең екені, олардың Конституцияның өзге де бөлімдері мен көптеген бабын қамтитыны айқындалды. Сон-

дықтан 21 қаңтарда президенттің Жарлығымен Конституциялық комиссия құрылған болатын.

Жаңа Конституция жобасының толық нұсқасымен жоғарыдағы QR-код арқылы таныса аласыздар



ҚОСШЫДА ДА БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҰРУ ОРТАЛЫҒЫ БАР

Қосшы қаласындағы қоғамдық мәдени-спорт кешенінде «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» өз жұмысын бастады. Бұл бастама егде жастағы азаматтардың өмір сапасын арттыруға, олардың белсенді әрі мазмұнды ғұмыр кешуіне жағдай жасауға бағытталған маңызды әлеуметтік жоба саналады.

Орталықтың басты мақсаты – аға буын өкілдерінің денсаулығын нығайтуға, шығармашылық әлеуетін дамытуға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және қоғамдық өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік беру.

Бүгінде қоғамның дамуы аясында қарттарға деген қамқорлық тек әлеуметтік қолдаумен шектелмей, олардың белсенді өмір сүруіне жағдай жасаумен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қосшы қаласында ашылған жаңа орталық – заманауи талаптарға жауап беретін, аға буынға арналған кешенді алаң. Мұнда әрбір қатысушы өз қызығушылығына сай бағытты таңдап, уақытын пайдалы өткізе алады.

Орталықта кітапхана жұмыс істейді. Сонымен қатар зияткерлік қабілетті шыңдайтын шахмат үйірмесі де қарастырылған. Белсенді қозғалысты қалайтын азаматтар үшін үстел теннис секциясы да бар. Ал шығармашылыққа бейімі бар жандар музыкалық аспаптар мен ән үйірмелеріне қатысып, өнер арқылы өз қабілетін дамыта алады.

Орталықта коворкинг аймағы мен көрме залдары да қарастырылған. Онда ардагерлер өз қолөнер бұйымдарын, шығармашылық жұмыстарын көпшілікке ұсынып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады. Сонымен бірге кеңес беру кабинеттері белгіленген кестеге сәйкес тегін қызмет көрсетеді. Бұл кабинеттерде құқықтық, әлеуметтік және өзге де мәселелер бойынша қажетті ақпарат пен бағыт-бағдар алуға болады.



QR-код арқылы қараңыз

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ӘР АУЛАДА ЖАЙҚАЛСЫН

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНА ҮНДЕУ

Биыл Қосшының қала мәртебесін алғанына бес жыл толады. Аз ғана уақыт ішінде қала қарқынды дамып, әлеуметтік маңызы бар жаңа нысандар бой көтеріп жатыр. Қаланың көркейіп келе жатқанын оның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінен көріп отырмыз. Халқы күннен-күнге көбейіп, қалаға қоныс аударушылар саны да артып келеді. Қазір Қосшы қаласын абаттандыру жұмыстары кең көлемде жүргізілгенмен, көптеген жеке тұрғын үй маңына жасыл желек егу, гүлзарлар жасау жағы – өте төмен. Осы олқылықты қоғам болып қолға алатын уақыт келді.

Біздің ойымызша, қала тазалығына, халықтың, балалардың саламаттылығына бейжай қарамайтын әрбір тұрғын, әр отбасы өзі тұратын маңға, көше бойына өз қаражатына 3-4 көшет сатып алып, өз қолдарымен отырғызып, күтіп-баптаса, оны көрген жас буынның да жауапкершілігі артып, тәрбиеленер еді. Бәріміз білетіндей, ағаштың көп болуы маңайды көріктендіріп, улы газдарды өзіне сіңіріп, ауаның тазаруына сеп болады.

Ағаштар – табиғаттың ең маңызды элементтерінің бірі. Олар ауаны тазартып, оттегін шығарады, климатты тұрақтандырады және топырақты эрозиядан қорғайды. Сонымен қатар ағаштар жануарларға және адамдарға тұрғын орта мен азық көзі саналады. Ағаш отырғызу қоршаған ортаны жақсартып қана қоймай, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Қалаларда ағаштар шаң мен шуды азайтып, адамдардың психологиялық

жағдайын жақсартады. Бұдан басқа, ағаштар болашақ ұрпаққа табиғатты сақтау және экологияны қорғау мәдениетін қалыптастырады. Сондықтан ағаш егудің маңызы тек экологиялық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік және мәдени жағынан да өте зор.

Дана халқымыз «Бір тал кессең, он тал ек», «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деп, жасыл желектің көп болуының маңызын ерекше айтып кеткен.

Жаһандық жылыну, қоршаған ортаны таза ұстау, экологиялық апаттардың алдын алудың алғышарттарының бірі – ағаш егу. Олай болса, жауапкершілікті сезініп, әр отбасы келер ұрпаққа өзіміз үлгі болайық. Жүз жылдығын ойлаған халық ағаш егеді, мың жылдығын ойлаған халық саналы ұрпақ тәрбиелейді.

Құрметпен,
Қосшы қаласының
Ардагерлер кеңесі



«Әсем 18» мүлік иелерінің бірлестігі, БСН 220940000542, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды.

Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Евгений Брусиловский көшесі, 18-үй. Тел.: 8 705 470 88 04

Объединение собственников имущества «Әсем 18», БИН 220940000542 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Байқоңыр, улица Евгений Брусиловский, д.18 Тел.: 8 705 470 88 04

«Eight Plus» ЖШС, БСН 200340003105 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Королев көшесі, 92 үй, 91 кеңсе. Тел.: 8 778 212 85 87

ТОО «Eight Plus», БИН 200340003105 сообщает о своей ликвидации.

Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Павлодарская обл., г. Экибастуз, улица Королева, дом 92, офис 91. Тел.: 8 778 212 85 87

«dr.Smagulova» ЖШС, БСН 251040026680 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Абикен Бектуров көшесі, 7 үй, н.п.7 Тел.: 8 776 844 84 37

ТОО «dr.Smagulova» БИН 251040026680 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Абикена Бектурова, д.7, н.п.7 Тел.: 8 776 844 84 37

«Астана Перила НС» ЖШС, БСН 220940043625 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, 51 үй, 247 пәтер. Тел.: 8 708 838 28 10

ТОО «Астана Перила НС», БИН 220940043625 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, ул. Ахмет Байтұрсынұлы, д.51, кв. 247 Тел.: 8 708 838 28 10

«Asl.Di» ЖШС, БСН 200940036996 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 21/4 үй, 70 кеңсе. Тел.: 8 775 760 69 63

ТОО «Asl.Di» БИН 200940036996 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, проспект Тауелсиздик, д.21/4, 70 офис. Тел.: 8 775 760 69 63

«ALTO Business Solutions» ЖШС, БСН 250140010516 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Е-482 көшесі, 10 үй, 3 пәтер. Тел.: 8 776 844 84 37

ТОО «ALTO Business Solutions» БИН 250140010516 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, улица Е-482, д.10, кв.3 Тел.: 8 776 844 84 37

Алданазаров Гизат Болатұлының (06.11.1991 ж.т.), 31.01.2026 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге нотариус Иманмадинова Орал Ғабдулловнаға хабарласуларыңызды сұраймыз. Мекенжай: Астана қаласы, Қосшығұлұлы көшесі, 3/1-үй, ВП: 2-2, 10-кабинет. Байланыс телефоны: 8 701 511 76 60

Открыто наследственное дело после смерти Алданазарова Гизата Болатовича (06.11.1991 г.р), умершего 31.01.2026 г. Наследникам просим обращаться к нотариусу Иманмадиновой Орал Ғабдулловне по адресу: г.Астана, ул.Қосшығұлұлы, д.3/1, ВП:2-2, каб.10 Тел. 8 701 511 76 60

«PC ASAR» ЖШС, БСН 210840004588 таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қосшы қаласы, Республика көшесі, 3/3 Тел.: 8 776 114 48 88

ТОО «PC ASAR», БИН 210840004588 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Косшы, ул. Республики, 3/3 Тел.: 8 776 114 48 88

«ЭкоАкустика» ЖШС, БСН 171140035814 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 17 үй, ВП 30 Тел.: 8 707 855 03 83

ТОО «ЭкоАкустика», БИН 171140035814 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, проспект Сарыарқа, д.17, ВП 30 Тел.: 8 707 855 03 83

«Kabenov» ЖШС, БСН 171040017397 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Ақмешіт көшесі, 11 үй, 223 пәтер. Тел.: 8 701 790 40 43

ТОО «Kabenov», БИН 171040017397 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, улица Ақмешит, д.11, 223 кв. Тел.: 8 701 790 40 43

«Портал VIP» ЖШС, БСН 231140023913 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Достық шағын ауданы, 1418 үй. Тел.: 8 708 838 28 10

ТОО «Портал VIP» БИН 231140023913 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Шымкент, Абайский р-н, мкр-н Достык, д.1418 Тел.: 8 708 838 28 10

«Ryoko Concierge» ЖШС, БСН 250840000287 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Санжар Асфендияров көшесі, 2 үй, 252 пәтер. Тел.: 8 701 222 98 39

ТОО «Ryoko Concierge» БИН 250840000287 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Санжар Асфендиярова, д.2, кв.252 Тел.: 8 701 222 98 39

«ORION CONSTRUCTION LTD» ЖШС Орал қаласындағы «ORION CONSTRUCTION LTD» ЖШС филиалының (БСН 210641029315) таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 148/1-үй, 102-кеңсе. Тел.: 8 776 844 84 37

ТОО «ORION CONSTRUCTION LTD» сообщает о ликвидации Филиала ТОО «ORION CONSTRUCTION LTD» в городе Уральск», БИН 210641029315. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Западно-Казахстанская обл., г. Уральск, проспект Нурсултан Назарбаева, дом 148/1, офис 102 Тел.: 8 776 844 84 37

Үндістаннан емі жоқ вирус тарап жатыр

Үндістанның Калькутта қаласына жақын аумақта аса қауіпті нипах вирусы өршіп жатыр. Вирус алғаш рет 1998-1999 жылдары Малайзия мен Сингапурда кеңінен таралды. Ал Үндістан бойынша алғаш рет 2001 және 2007 жылдары Батыс Бенглияда тіркелген. Тағы екі рет, 2018 және 2019 жылдары Керала штатында тіркелді. Көп ұзамай, 2021 жылы Үндістанның Керала штатының 11 адамынан нипах вирусы анықталды. Бұл вирустың бастауы бұрыннан бар екенін дәлелдейді. Қазіргі кезге келсек, қаңтар айында Батыс Бенгалияда 5 жағдай анықталған.

ВИРУС ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?

Нипахты тасымалдаушылар – негізінен жарқанаттар, әсіресе жемісқоректі жарқанаттар. Бірақ вирус күнделікті қасымызда жүретін үй жануарлары – ит, мысықтардан да адамға жұғуы мүмкін. Медицина мамандарының айтуынша, вирустың жұғу тәсілдері: ауа тамшылары арқылы, жұқтырған жануармен тікелей байланыста болған кезде, жұқтырған жануардың ағзалық сұйықтары түскен өнімдерді тұтынғанда (қан, нәжіс, сілекей және тағы басқа бөлінділер), жұқтырған адаммен байланыста болғанда.

ОНЫҢ ҚАУІП НЕДЕ?

Вирустың негізгі қауіпі – өлім деңгейінің жоғары болуы. Деректерге сәйкес, вирустың өлім деңгейі 40-тан 75%-ға дейін барады. Вирустың басы соңау 1999 жылдан басталғанмен, ғалымдар нақты емің де, вакцинаны да ойлап тапқан жоқ. Бұл вирустың аса күрделі екенін көрсетеді. Сонымен қатар вирус мутацияға ұшырауы мүмкін. Инфекция тікелей адамның миына әсер етеді. Адамның миы ісіп жақын арада жағдайы нашарлап, тіпті комаға түсуі жоғарылайды. Вируспен ауырып, аман қалған адамдарды да аямайды. Ауырғаннан кейін науқастардың жүйке және тыныс алу жүйесінің тіндерін зақымдайды.

Инкубациялық кезең

Нипах инфекциясының негізгі симптомдары 4-14 күн аралығында байқалуға тиіс. Алайда кейбір жағдайда 45 күн өткеннен кейін ғана байқалуы мүмкін. Бұл вирустың зерттеуін, алдын алуын қиында түседі. Нипах инфекциясы әр адамда әртүрлі түрде байқалады. Кейбір науқаста тіпті белгісіз өтуі, ал кейбіреуінде өте ауыр формада дамуы мүмкін. Бұл

ауруды анықтап, емдеуін қиындағанды.

Негізгі симптомдар

Мамандардың көбінесе анықтайтын белгілері: бас ауруы, қызу көтерілуі, бұлшықет ауруы, жүректің айнуы, қызу, тамақ ауруы, бас айналуы, әлсіздік сияқты симптомдар кездеседі. Бірақ кей науқаста ауру асқынған кезде энцефалит (мидың қабынуы), қатты құрысу ұстамалары пайда болады.

ҚАЛАЙ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ?

Мамандар ұсынатын сақтық шаралары:

- даладағы жабайы жануарлардан алшақ болыңыз;
- көкөніс пен жемістерді жақсылап жуып жеңіз;
- сапарға шықсаңыз, жарқанаттар жиналатын жерлерден аулақ болыңыз;
- жеке гигиенасын сақтаңыз.

Тек осы шарттарды ұстана отырып қана өз өміріңізді сақтап қала аласыз.

Байқағандарыңыздай, бұл дерттің алдын алу шарттары мен анықтайтын симптомдарын бірге алатын болсақ та оның қауіптерінен аса алмаймыз. Өйткені нипах вирусының белгілері кәдімгі тұмау сияқты ауруларға өте ұқсас. Бұл оның алдын алуын күрт қиындағанды.

Нипах вирусы – адам ағзасы үшін өте қауіпті инфекция. Вирустан нақты ешқандай ем де, вакцина да жоқ. Тек сақтық шараларын ұстану қажет. Сақтық шаралы – барлығымыз білетін өте қарапайым гигиеналық шарттар. Қазақстанда дәл осы инфекцияның таралу жағдайлары тіркелмесе де сақтық шараларын әрдайым ұстанып жүрген жөн.

Аружан МҰСАТАЙҚЫЗЫ,
Қосшы қаласы



ЗЕЙІН МЕН ЗЕРДЕ ЖАРЫСЫ

«Даналық» мектебінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында спорт апталығы жалғасын тапты. Апталық шеңберінде Қосшы қаласы №2 жалпы орта білім беретін мектебінде 7-сынып оқушылары арасында «Ақ пен қара: Зейін мен зерде жарысы» атты мектепшілік дойбы турнирі өтті.

Оқушылар дойбы тақтасында тек жеңіске ұмтылып қана қоймай, өзара сыйластық пен адал ойын үлгісін (Fair Play) көрсетті.

Турнирде әр сыныптың намысын жыртыққан жас зияткерлер арасында тартысты ойындар өрбіді. Әсіресе, ойынның соңғы минуттарындағы шешуші сәттер оқушылардың зейіні мен логикалық қабілетінің жоғары екенін дәлелдеді. «Ақ пен қара» тақтасындағы әрбір қадам үлкен стратегия мен зейіннің жемісі болды.

Ойынға дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жандос Байғоныс жауапты болды. Ал ұйымдастырушы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рүстем Тұрсымбаев.

Жарысқа 8 сыныптан 16 оқушы қатысты. Олардың ішінен суырылып шыққан жүйріктер дойбы тасындағы «даналық» әдістерін қолдана отырып, тартысты ойын көрсетті. Әсіресе, финалдық кезеңдегі ойыншылардың шешімдері жанкүйерлер

мен төрешілерді таңқалдырды.

I орынды 7 «Г» сынып оқушысы Мансұр Әбдібек иеленді. Ол ойында ерекше тапқырлық көрсетіп, барлық қарсыласын тактикалық шеберлікпен жеңді.

II орынға жүйелі ойынымен және төзімділігімен көзге түскен 7 «Ә» сынып оқушысы Алимдар Исраилов лайық деп танылды.

Ал III орынды жақсы нәтиже көрсеткен 7 «В» сынып оқушысы Нұрсұлтан Исабеков қанағат тұтты. Сондай-ақ сайысқа қатысқан барлық оқушыға алғыс хаттар табыс етілді.

«Даналық» мектебінің ұйымдастыруымен өткен бұл шара оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуге ғана емес, сонымен қатар «Жасампаздық және жаңашылдық» айына сай жаңа идеялар мен стратегиялық ойлауды дамытуға бағытталды.

Рысқұл БЫБРАЙҚЫЗЫ

Ақмола облысы Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауына үміткер

Ахметов Рүстем Мұратбекұлының
2026-2030 жылдарға арналған

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Тайтөбе ауылының
сайлаушылары!

Мен, Ахметов Рүстем Мұратбекұлы, Ақмола облысының Тайтөбе ауылында дүниеге келдім. 2004 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен жоғары заңгерлік білім алдым. Өзімнің еңбек жолымды «Бизнес ЖКС Астана» ЖШС-інде менеджер болып бастадым.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ-да кеңсе-кеңсе беру қызметтерін атқардым.

«Қазақстан Республикасы Қаржы академиясы» ЖШС-де оқытушы және заңгер болып жұмыс істедім.

Қазіргі таңда «Қосшы қаласы әкімінің аппараты» ММ-де заңгер болып қызмет атқарудамын.

2019 жылдан бастап Тайтөбе ауылында тұрамын. Осы жылдар ішінде Тайтөбе ауылының тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп келемін. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуге атсалысып жүрмін.

Менің Тайтөбе ауылы әкімдігіне үміткер ретінде көзден мақсатым – ауылымыздың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, тұрғындардың өмір сапасын арттыру және ауылдың тұрақты дамуына жағдай жасау.

Ең алдымен ауыл тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету, көшелерді жарықтандыру, жолдарды жөндеу және қоғамдық қауіпсіздікті күшейту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажет деп есептеймін.

Сондай-ақ ауылдың абаттандырылуына, балалар мен жастарға арналған спорт және ойын алаңдарын салуға, мәдени-рухани іс-шараларды дамытуға ерекше көңіл бөлуді жоспарлап отырымын.

Ауыл кәсіпкерлеріне қолдау көрсету, жаңа жұмыс орындарын ашу және инвестиция тарту арқылы ауыл экономикасын нығайтуды көздеймін.

Егер сіздер маған сенім білдірсеңіздер, Тайтөбе ауылын дамытуға бар күш-жігерімді саламын.

Мен әрқашан байланыстамын:
Телефон/WhatsApp: 8-775-315-08-48/8-700-662-48-02.

Email: rus7sam7sam7@gmail.com



МЕНІ АУЫЛ ӘКІМІ ЕТІП САЙЛАҒЫЗ, АЛДАҒЫ
4 ЖЫЛДА:

- Ауыл тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету;

- Электрмен жабдықтау бойынша жұмыстарды аяқтау;

- Көшелерді жарықтандыруды жалғастыру;

- Ауылда газбен жабдықтау жұмыстарын аяқтау;

- Ауылда абаттандыру және көгалдандыру жөндеу жұмыстарын жаңа заманауи стандарттарға ауыстыру;

- Дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен жаңа мектеп құрылысының басталуы үшін жұмыс істеймін.

- Қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін инвестициялық жобаларды тарту үшін;

- Ауылда кәсіпкерлікті дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау үшін;

- Мамандандырылған медициналық кадрлар мен педагогтерді тарту үшін;

- Ауылда абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту, сондай-ақ қосымша балалар алаңдарын ұйымдастыру үшін бар күшімді саламын.

- Мүмкіндігі шектеулі адамдарға, сондай-ақ көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетуге;

- Халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға;

- Еліміздің және ауылымыздың белігі тұлғаларының мәдени-рухани мұрасын насихаттауға үлесімді қосамын.

Сынақтардан өтіп, бірге жеңеміз!

САЙЛАУҒА КЕЛІҢІЗДЕР!
МАҒАН ДАУЫС БЕРІҢІЗДЕР!

Ақмола облысы Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауына үміткер

Акашев Айдос Қабылдаулының
2026-2030 жылдарға арналған

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Тайтөбе ауылының
сайлаушылары!

Мен, Акашев Айдос Қабылдаулы, 1987 жылдың 11 тамызында Қарағанды облысы, Нұра ауданына қарасты Киевка кентінде дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. Отбасында тәрбие алып, ата-анамның өнегесін көріп өстім. Балалық шағым туған өлкемде өтіп, сол жердегі мектепте орта білім алдым. Мектеп қабырғасында жүріп қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысып, білім мен тәртіпті басты құндылық ретінде ұстандым.

Қазіргі уақытта Астана қаласында, А-75 мекенжайы, 114-пәтерде тұрамын. Елордада еңбек етіп, кәсіби және жеке дамуыма ерекше көңіл бөліп келемін.

2005 жылы Қарағанды банк колледжіне «Салық ісі» мамандығы бойынша оқуға түстім. Колледжде оқу барысында қаржы, бухгалтерлік есеп, салық салу негіздері, экономикалық талдау пәндерін меңгеріп, теориялық біліммен қатар тәжірибелік дағдыларды игердім. Оқу орнында жауапкершілік пен ұқыптылықты талап ететін мамандықтың қыр-сырын үйреніп, өз салама деген қызығушылығымды арттырдым.

2007 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті-не «Қаржы» мамандығы бойынша оқуға түстім. Университет қабырғасында қаржы менеджменті, банк ісі, инвестиция, мемлекеттік бюджет және қаржылық жоспарлау бағыттары бойынша терең білім алдым.

2008 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы Киевка кентінен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына әскери қызметке шақырылдым.

Еңбек өтілім:

2008-2009 жылдары Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 2 мекенжайы бойынша орналасқан «Алтын Полюс» сақтандыру компаниясы» АҚ-да менеджер болып жұмыс істедім. Жұмыстан босату негізі – өз еркім.

2009-2011 жылдары Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 2 мекенжайы бойынша орналасқан «Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ-да менеджер болып жұмыс істедім. Жұмыс-



тан босату негізі – штаттың қысқаруы.

2011-2014 жылдары Киевка кенті, Абай көшесі, 48 мекенжайы бойынша орналасқан «Нұра ауданының жұмыспен қамту орталығы» ММ-де маман болып жұмыс істедім.

2016-2017 жылдары Киевка кенті, Тәуелсіздік көшесі, 37/3 мекенжайы бойынша орналасқан «Нұра Отан» партиясының Нұра аудандық филиалында консультант болып жұмыс істедім.

2017-2021 жылдары Киевка кенті, Абай көшесі, 48 мекенжайы бойынша орналасқан «Нұра ауданы әкімінің аппараты» ММ-де бас маман болып жұмыс істедім.

2021-2023 жылдары Ақмешіт ауылы, Сейфуллин көшесі, 16 мекенжайы бойынша орналасқан «Нұра ауданы Ақмешіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де ауыл әкімі болып жұмыс істедім.

2023-2024 жылдары «Нұра ауданы Нұра кенті әкімінің аппараты» ММ-де ұйымдастыру бөлімінің бас инспекторы болып жұмыс істедім.

2024-2025 жылдары Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінде бас сарапшы болып жұмыс істедім. Жұмыстан босату негізі – негізгі қызметкердің бала күтімі демалысына оралуына байланысты.

Әкім болсам, атқаратын істерім:

- Көше жарығының құрылысын жүргізуге атсалысу;

- Балаларға арналған ойын алаңдарының құрылысын жүргізу;

- Жылы аялдамалардың санын көбейту.

САЙЛАУҒА КЕЛІҢІЗДЕР!
МАҒАН ДАУЫС БЕРІҢІЗДЕР!

Ақмола облысы Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауына үміткер

Сиқымбаев Нұрлан Зарқомұлының
2026-2030 жылдарға арналған

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Тайтөбе ауылының сайлаушылары!

Мен, Сиқымбаев Нұрлан Зарқомұлы, 1965 жылғы 24 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы, Лениногорск қаласында (қазіргі Риддер қаласы) дүниеге келдім. Балалық және жастық шағым туған өлкемде өтті.

Қазіргі уақытта Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Лесная поляна шағын ауданы, 6-үй, 145-пәтер мекенжайында тұрамын.

1980-1984 жылдары Лениногорск Орман техникумында «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша білім алдым.

1984-1986 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери қызмет атқардым. Әскери борышымды адал орындап, әскери тәртіп пен жауапкершілікті, төзімділік пен ұйымшылдықты өмірлік қағида ретінде қалыптастырдым.

2004-2008 жылдары Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті-нде «Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы» мамандығы бойынша жоғары білім алдым.

1987 жылдың сәуір айынан бастап 2010 жылдың қазан айына дейін әртүрлі салаларда еңбек еттім.

2010-2019 жылдары Риддер қаласында мемлекеттік қызмет саласында жауапты лауазымдар атқардым. Атап айтқанда, Риддер қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы, Риддер қаласы әкімі аппаратының бөлім басшысы, сондай-ақ Семей қаласына қарасты Риддер қаласының Үлбі кенттік округі әкімінің орынбасары қызметтерін атқардым.

2019-2020 жылдары Риддер қаласындағы №10 орта мектепте шаруашылық бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып, білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету, ғимараттың қауіпсіздігі мен коммуналдық жүйелердің тұрақты жұмысын ұйымдастыру мәселелерімен айналыстым.

2020-2021 жылдары Қазинк АҚ-да еңбек етіп, өндірістік салада тәжірибемді одан әрі толықтырдым.

2021 жылы Ақмола облысы Целиноград ауданы, Қосшы қаласы округі әкімінің аппаратында жұмыс істеп, жергілікті атқарушы органның қызметін ұйымдастыруға атсалыстым.



2021 жылдың шілдесінен 2023 жылдың қаңтарына дейін Қосшы қаласының «ТКШ және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бас маман лауазымында жұмыс істедім.

2023 жылдың қаңтар айынан бастап Қосшы қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінде бас маман болып еңбек еттім.

2023 жылдың шілдесінен 2024 жылдың шілдесіне дейін Астана қаласындағы ПромМеталлАстана ЖШС-де атқарушы директор қызметін атқардым.

2024 жылдың қыркүйегінен 2025 жылдың қаңтарына дейін Қазақстан темір жолы АҚ-ның «Жол диагностикасы орталығы» филиалы, Сороковая станциясында электрмен жабдықтау бойынша жетекші инженер болып жұмыс істедім.

2025 жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Қосшы қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде әдіскер лауазымында қызмет атқарып келемін.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙТӨБЕ АУЫЛЫНЫҢ
ТҰРҒЫНДАРЫ!

Менің мақсатым:

- Қоғамдық көлік қозғалысын реттеу және сапасын арттыруға атсалысу;

- Газдандыру мәселесін шешуге атсалысу;

- Қауіпсіз қоғам құруға белсене атсалысу.

САЙЛАУҒА КЕЛІҢІЗДЕР!
МАҒАН ДАУЫС БЕРІҢІЗДЕР!

Кәсіподақтың көмегі көп

Бүгінде мұғалім мамандығы үлкен жауапкершілікті, үздіксіз еңбекті және кәсіби дамуды талап етеді. Осындай жағдайда әр педагог үшін әлеуметтік қорғаныс пен сенімді тірек аса маңызды. Сол тіректің бірі – кәсіподақ. Мен мұғалім ретінде кәсіподақтың шынайы қолдауы мен қамқорлығын үнемі сезінемін.



Кәсіподақ мүшелері үшін денсаулықты нығайту мақсатында санаторийлерде демалу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл – педагогтің еңбек қабілетін қалпына келтіріп, кәсіби қызметін жаңа күшпен жалғастыруына үлкен мүмкіндік. Сонымен қатар мұғалімдердің балаларымен бірге демалуына ерекше көңіл бөлінеді. Ұстаздарымыз балаларымен бірге Discovery демалыс орталығына барып-қайтып жүр. Былтырғы жаз мезгілінде біздің мектептен 6 мұғалім балаларымен бірге демалып, жағымды әсер мен ұмытылмас естеліктерге ие болды.

Кәсіподақ педагогтердің денсаулығын сақтау мәселесін де назардан тыс қалдырмайды. Мұғалімдер үшін тегін медициналық тексерулер ұйымдастырылады.

Ұжымдағы мерейтой иелері де әрдайым құрметке ие. Маңызды даталар ескеріліп, құттықтаулар мен сый-сияпаттар жасалады. Қажет болған жағдайда демеушілік көмек көрсетіледі. Сонымен бірге еңбек ардагерлеріне ерекше ілтипат көрсетіліп, олардың еңбегі лайықты бағаланады.

Кәсіподақ педагогтердің кәсіби дамуына да зор үлес қосады. Оқыту семинарлары, біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылып, мұғалімдердің кәсіби әлеуетін арттыруға жағдай жасалады.

Мұғалімдер арасында спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізіліп, саламатты өмір салты мен ұжымдық бірлік нығая түседі. Еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі мәселелері де кәсіподақтың тұрақты бақылауында.

Мерекелер қарсаңында кәсіподақ тарапынан құрмет көрсетіліп, мұғалімдердің балаларына Жаңа жылға арнайы сыйлық дайындалады.

Мен кәсіподақтамын. Өйткені ол – мұғалімнің құқығы мен еңбегін қорғап, болашаққа сеніммен қарауына мүмкіндік беретін сенімді ұйым. Мектепте жұмыс істей отырып, өз кәсіби қызметімде сенімділік пен қолдаудың маңыздылығын жақсы түсінемін. Мен үшін педагог мамандығы – тек үлкен жауапкершілік қана емес, сонымен қатар тұрақты еңбек жағдайы, әділ еңбекке және өз ісіме деген құрметтің болуы.

Кәсіподақтың қолдауының арқасында балаларыма «Арман» балалар лагерінде демалып, одан ерекше әсер алып, жаңа білім мен ұмытылмас естеліктерге ие болды.

Марал ИНЕРБАЕВА,
«Р. Қошқарбаев атындағы
№1 жалпы білім беретін мектебі»
КММ бастауыш сынып мұғалімі

